

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті төраға міндетін
атқарушының 2018 жылғы «___» _____
№ _____ бұйрығына 2 - қосымша

Салалық терминологиялық секциялардың іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Анықтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
1	Әртүрлі ғылым салалары мамандарынан және тілшілерден тұратын терминологиялық секциялардың және ономастикалық топтың құрамын, жұмыс жоспарын әзірлеп, ұсыну	ҚР БҒМ ҒК бұйрығы	Ғылым комитеті, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	2018 жылғы тамыз
2	Сала мамандары мен тілші-терминолог ғалымдарының бірігіп сөздік жасау тәжірибесін жетілдіруге, тілдік реформаға байланысты жаңартылған ұстанымдарды меңгеруге арналған ғылыми-әдіснамалық іс-шаралар (семинарлар) ұйымдастыру	Іс-шаралар бойынша есеп	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	2018 жылғы тамыз-қыркүйек
3	Бекітілген, салалық, салааралық, екітілді, көптілді тізілімдік, түсіндірмелі, анықтамалық, баламалы және т.б. терминологиялық сөздіктердің және терминологиялық, терминографиялық ғылыми-теориялық зерттеу еңбектерінің қағаз және электронды нұсқаларын жинастыру, іріктеу, жүйелеу	Қағаз және электронды нұсқаларын енгізу	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	2018 жылғы қыркүйек-қазан
4	Терминологиялық, терминографиялық ғылыми-теориялық зерттеулердің теориялық мәселелерін, әдіснамасы мен әдістемесін (авторлық ізденістер, салалық бағдар, тілдік бағдар, уақыттық бағдар, қызметтік бағдар, оқырман бағдары, көлемдік бағдар және т.б.) ғылыми тұрғыдан зерделеу	Талдамалық ақпарат	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	2018 жылғы қараша-желтоқсан
5	Әртүрлі ғылым салаларына арналған терминологиялық сөздіктер топтамасын әзірлеуге қатысты ғылыми әдебиеттер тізімін жасап,	Ғылым комитетіне	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл	2018 жылғы желтоқсан

	нұсқаулық кешенінің құрылымын анықтау (тілдік бірліктерді сұрыптау қағидаттары; терминологиялық бірізділікті сақтау; терминдердің берілу тәсілдерін нақтылау; сөздік мақаланы орналастыру, қаріптер мен сөздіктің жалпы безендірілу, шартты белгілер қою, тіркеуші мәліметтерді, этимологиялық мәліметтерді беру мәселелері және т.б.)	ақпарат	білімі институты	
6	2019-2021 жылдарға арналған салалық терминологиялық секциялардың перспективалық іс-шаралар (отырыстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.) өткізу кестесін және т.б. ұйымдастыру іс-әрекеттерін талқылау, бекітуге ұсыну	Іс-шаралар кестесін енгізу	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	2018 жылғы желтоқсан
7	Ономастикалық топтың жұмыс жоспарларын нақтылау, үйлестіру, жауапты үйлестіруші хатшыны белгілеу	Ғылым комитетіне ақпарат	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	2018 жылғы тамыз
8	2019-2021 жылдарға арналған қазақ тілінің латын графикасына көшуге қатысты ономастикалық проблемалар бойынша ұсыныстар әзірлеу және аналитикалық анықтамалар әзірлеу.	Ғылым комитетіне ақпарат	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	2018 жылғы желтоқсан